

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті  
Ғылым комитеті №1 мәжілісінің  
Хаттамасының шешімдері

Түркістан қаласы

30.09.2021 ж.  
Сағат: 14:00

Өткізілетін түрі: онлайн (ZOOM платформасы арқылы)

**Регламент:**

Негізгі мәселелер үшін – 10 минут  
Әр түрлі мәселелер үшін – 3-5 минут

**Қатысқандар:**

ҒК төрағасы – Ошибаева А.Е., ҒК мүшелері: факультет декандары, декан орынбасарлары, ҒЗИ/ҒЗО директорлары, Ғылым департаментінің директоры, бөлім басшылары.

**Күн тәртібі:**

1. Ғылым комитетінің құрамын жаңартып, бекітуге ұсыну туралы (*Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры А.Ошибаева*).
2. Ғылым комитетінің 2021-2022 оқу жылына арналған жоспарын талқылау (*Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры А.Ошибаева*).
3. Университеттің ғылыми әлеуетін арттыру бағытындағы ұсыныстар (*Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры А.Ошибаева, Факультет декандары мен ҒЗИ/ҒЗО директорлары*).
4. Университеттің «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерін аккредиттеу» куәлігін алу үшін ұсынылған мәліметтер туралы (*Ғылым департаментінің директоры Х.Масадиқов*).
5. Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры А.Ошибаева мен Ғылым департаментінің директоры Х.Масадиқов тарапынан 01.09.2021 ж. бастап жіберілген Қызмет хаттардың орындалуы туралы (*Ғылыми зерттеулер бөлімінің басшысы А.Балтабаева*).
6. Университет ғылыми басылымдарындағы ОПК мен ғылыми қызметкерлер жарияланымдарының жағдайы (*Ғылыми басылымдар бөлімінің басшысы А.Садықова*)
7. Әр түрлі мәселелер
  1. Монографияларды қарап, Сенат мәжілісіне ұсыну.

Ашық дауыс беру нәтижесінде УНИВЕРСИТЕТ ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІНІҢ

**ШЕШІМДЕРІ:**

1. Ғылым комитетінің жаңа құрамы бекітілу үшін ұсыныс берілсін (*Жауаптылар: факультет декандары, ҒЗИ/ҒЗО директорлары*).
2. Ғылым комитетінің 2021-2022 оқу жылына арналған жоспары бекітілсін.



3. Университеттің ғылыми әлеуетін арттыру бағытындағы төмендегі ұсыныстар қабылдансын:

- Ғылыми жоспарды университеттің Стратегиялық жоспары негізінде дайындау;
- Шетел профессорларымен бірлесіп мақала жазу мәселесіне қатысты Ғылым департаментінің жанынан Академиялық проффридинг орталығын ашу және жұмысқа Медицина, Жаратылыстану, Әлеуметтік-гуманитарлық салалары бойынша маманданған 3 ағылшын тілді аудармашы алу туралы Университет басшылығына ұсыныс беру;

- Оқытушылардың халықаралық базаларда индекстелетін журналдарға мақала жариялауына көмек ретінде олардың оқу жүктемелерін жеңілдету мақсатында қайта қарау туралы ұсыныс беру (*Жауаптылар: факультет декандары*);

- Докторантурасын тамамдағаннан кейін 3 (үш) жыл ішінде қорғамаған 2 және одан көп докторанттарға жетекші болып келген ғылыми жетекшілерге жаңадан 1 курсқа қабылданған докторанттарға жетекшілік жасауға шектеу қою туралы қағиданы «Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша диссертация/жоба дайындау туралы Ережесіне» енгізу;

- Магистрант және докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының сапасын жақсарту және факультеттер мен ҒЗИ/ҒЗО арасында тығыз байланыс орнатату мақсатында бағыттары бойынша ғалымдардың және/немесе ҒЗИ/ҒЗО-ның ғылыми қызметкерлерінің қатысуымен кафедраның кеңейтілген мәжілісінде диссертация тақырыптарын талдау, әр семестрдің соңында МҒЗЖ/ДҒЗЖ тыңдау, диссертация жұмысына қатысты семинарлар өткізу, алдын ала қорғау және т.б. шаралар ұйымдастырылсын (*Жауаптылар: факультет декандары, ҒЗИ/ҒЗО директорлары*).

4. Университеттің «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерін аккредиттеу» куәлігін алу үшін қажетті құжаттар Ғылыми зерттеулер бөліміне тапсырылсын (*Жауаптылар: факультет декандары, ҒЗИ/ҒЗО директорлары*).

5. «Академиялық хат», «Ғылыми зерттеу әдістері (сандық және сапалық)», «Ғылыми нәтижелерді коммерцияландырудың практикалық аспектілері» секілді докторантура және магистратура БББ-ның пәндері бойынша білім алушылардан кері байланыс сауалнамалары үнемі жүргізілсін.

6. «Академиялық хат», «Ғылыми зерттеу әдістері (сандық және сапалық)», «Ғылыми нәтижелерді коммерцияландырудың практикалық аспектілері» пәндерін жүргізетін ОПК-ның біліктілігін анықтау бойынша тиісті жұмыстар жүргізілсін (сауалнама, тест, сабақтарға қатысу т.б.).

7. Төмендегі монографиялар Ғылыми комитеттің шешімімен Сенатқа ұсынылсын:

1. Асанова Ғ.Н. «Эймерий мен стронгилондтардың паразитоценоздары кезіндегі қойлардағы иетогышарлық қатынастар» (83,25% түпнұсқалылық). Рецензенттері: Бабашев А.М., б.ғ.к., профессор, МАИН академигі, Абай атындағы ҚазҰПУ; Жакапбекова Г.С., б.ғ.к., профессор м.а., Оңтүстік Қазақстан Медицина Академиясы; Ишигов И.А., м.ғ.д., профессор, Ахмет Ясауи университеті.

2. Саинова Г.А., Кожамбердиев Е.М., Акбасова А.Д., Ибраимов У.К. «Серосодержащий отход сернокислотного производства ТОО «СКЗ-У» новый коммерческий ресурс» (75,17% түпнұсқалылық). Рецензенттері: Колушбаева А.Т., техн.ғ.д., профессор, Менеджмент университеті; Тлегенов И.С., техн.ғ.д., профессор,

М.Х.Дулати атындағы ТарМУ; Тұртабаев С.К., техн.ғ.д., профессор, Ахмет Ясауи университеті.


3. Саинова Г.Ә., Ақбасова А.Ж., Калиева Н.А. «Тұрмыстық және өндірістік қалдықтарды оңтайлы басқарудың кешенді жүйесі» (96,14% түпнұсқалылық). Рецензенттері: Абдибаттаева М.М., техн.ғ.д., доцент, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті; Исаева Р.А., техн.ғ.к., профессор, М.Әуезов атындағы ОҚУ; Серікбаева А.Қ., техн.ғ.к., профессор, Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті.

Ғылым комитетінің төрағасы:



**А.Ошибаева**

Мәжіліс хатшысы:



**Ж.Ахметова**